

Ленин жұл

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 37 (6997) Жұма 23 февраль 1945 жыл Шығуына 27-шы жыл Ене саны 20 тыйын

БК(б)П Орталық Комитетінің Қызыл Армияның 27 жылдығына арнаған үндеулері

1. Неміс-фашист басқыншыларды совет жерінен қуып шығып, гитлершіл әскерлерді Германия жерінде талқандап жатқан азат етуші армия—жөңімпаз Қызыл Армия жасасын!

2. Отанымызды неміс-фашист империалистерінен аябай қорғап қалған ұлы совет халқы, оның Қызыл Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

3. Европа мәдениетін фашист сойқаншылардан құтқарған қуатты Совет-тер Одағы жасасын!

4. Отанымыздың намысы, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін Советтер Одағының барлық халықтарының ұлдары қаһармандықпен күрес жүргізуде. ССРО халықтарының туысқандық және достық армиясы—Қызыл Армия жасасын!

5. Қалаларымыз бен селоларымызды тонап, ойындағаны үшін, әйелдер мен балаларға қорлық көрсеткені үшін, совет адамдарын өлтіргені, немістердің құлдығына айдап әкеткені үшін неміс-фашист жауыздардың сазайын тартқызайық! Фашист жауыздардан көп алып, құртайық!

6. Ағылшын-совет-америка жауынгерлік одағының неміс-фашист басқыншыларды жеңуі жасасын! Фашистің Германияға шығыстан, батыстан, солтүстіктен және оңтүстіктен қыйрата соққы берейін! Герман империализмін жер бетінен өшірейік! Бүкіл дүние жүзінің халықтары арасында баянды бейбітшілік орнауын қамтамасыз етейік!

7. Батыс Европада Гитлердің шапқыншыларына қарсы шабуыл жасаушы Ұлы Британия мен Америка Құрама Штаттарының айбынды әскерлеріне сәлем!

Фашист теңіз қарақшыларына қарсы күресуші ағылшын және американың ержүрек теңізшілеріне сәлем!

8. Батыста Гитлер Германиясына қарсы күресуші Франция халқына және оның әскерлеріне сәлем!

Совет ұшқыштарымен қол ұстасып, неміс-фашист жауыздарды талқандаушы айбынды «Нормандия» ұшқыштарының даңқы арта берсін!

9. Неміс басқыншылардың бұғауынан азат етілген туысқан поляк халқына сәлем! Қызыл Армиямен қол ұстасып, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресуші ержүрек поляк әскерлері жасасын!

Совет-Польша достығы жасасын!

10. Туысқан Югославия халқына сәлем! Өз Отанын неміс құлданушылардан азат етуді аяқтаушы Югославияның қаһарман Халық-Азаттығы армиясы жасасын! Совет-Югославия достығы жасасын!

11. Фашист қаныпозерлерге қарсы күресуші туысқан чехослован халқына сәлем! Қызыл Армиямен қол ұстасып, неміс құлданушыларға қарсы күресуші чехослован көрпұсының солдаттары мен офицерлері жасасын!

Совет-Чехославия достығы жасасын!

12. Славян туысқандар! Славян елдерінің қас жауы—неміс басқыншыларды біржолата талқандауға барлық күштеріңді жұмсаңдар! Неміс-фашист қарақшыларды жою үшін күресуші славян халықтарының жауынгерлік одағы жасасын!

13. Неміс империализміне қарсы күресуші Европа халықтарына сәлем!

14. Қызыл Армия жауынгерлері! Немістердің құлдығында ауыр азап шегуші миллиондаған совет адамдары өздерін азат етуші Сіздерді зарығып кутуде. Аға-іні-леріміз бен ара-қарындастарымызды фашистердің құлдығынан құтқарайық!

15. Қызыл Армия жауынгерлері! Неміс-фашист басқыншыларға өлтіре соққы беріңдер! Жаудың тыныс алуына мұрша бермеңдер! Оған совет қаруының барлық қуатымен рахымсыз соққы беріңдер! Батысқа қапай алға ұмтылыңдар!

16. Қызыл Армияның жау әскерлері! Жаудың қарғану бекінісін шеберлікпен және батылдықымен бұзып өтіңдер, фашист әскерлерін үздіксіз өкшелей қуа беріңдер, олардың жаңа шөптөрге бекінуіне мұршасын көлтірмеңдер!

Совет жау әскерлері жасасын!

17. Қызыл Армияның артиллерияшылары мен минометшілері! Дәлдеп, күшті оқ жаудырып, дұшпанның қарғану шөбін талқандай беріңдер, жаудың адам күші мен соғыс техникасын жол беріңдер!

Совет артиллериясы жасасын!

18. Қызыл Армияның танкистері! Танкітеріміздің жауынгерлік жоғары сапалық пайдаланыңдар, жауды талқандап, тынымсыз өкшелей қуа беріңдер! Совет танкистері жасасын!

19. Отанымыздың қырандары—совет ұшқыштары! Әуеден қуатты соққы беріп, дұшпанның әскерлері мен соғыс техникасын талқандаңдар, оның қатынас жолдарын қыйратыңдар, шабуылдағы әскерлерімізге жол ашыңдар!

Совет ұшқыштары жасасын!

20. Қызыл Армияның атты әскерлері! Жаудың әскерлерін қауырт қуа беріңдер, дұшпанның әскер саптарын батыл талқандаңдар, жауды екі жақтан қусырып, неміс-фашист аюандарды қаршап алып, жол беріңдер!

Совет атты әскерлері жасасын!

21. Соғыс-Теңіз Флотының қызыл флотшылары мен офицерлері! Жаудың теңіздегі қатынас жолдарына неғұрлым қатты соққы беріңдер! Дұшпанның кемелері мен транспорттарын суға батырыңдар, теңіз бетін фашист сұрқыялардан тазартыңдар!

Совет теңізшілері жасасын!

22. Қызыл Армияның байланысшылары! Байланыс—Қызыл Армияның жүйке тамыры екенін, ұрысты басқарудың және әскердің барлық түрінің бірлесіп қыймыл жасауының аса маңызды шарты екенін естен шығармаңдар! Байланыс ісін мейлінше жақсарты беріңдер!

Совет байланысшылары жасасын!

23. Қызыл Армияның барлаушылары! Барлаушылар армияның көз-құлағы екенін естен шығармаңдар! Дұшпанның орналасқан бекінісіне тайсалмай өтіңдер!

Неміс-фашист басқыншыларды совет жерінен қуып шығып, гитлершіл әскерлерді Германия жерінде талқандап жатқан азат етуші армия—жөңімпаз Қызыл Армия жасасын!

Совет барлаушылары жасасын!

24. Совет шекарасының сенімді сақшылары—даңқты шекарашыларымыз жасасын!

25. Инженерлік әскерлердің жауынгерлері мен офицерлері! Әскерлеріміздің жаудың бекіністеріне ойдағыдай тіке шабуыл жасауына, оның тіренті бекіністерін жоюына, өзендерден, миналар орнатылған жерлерден өтуіне, шабуылдың табыстарын дамыта беруіне көмектесіңдер!

Біздің даңқты сапаларымыз, минашыларымыз бен көпір салушыларымыз жасасын!

26. Қызыл Армияның дәрігерлік қызметкерлері! Жараланған совет жауынгерлерін ажалдан құтқарып, сапқа қосу үшін жанқиярлықпен күресіңдер!

Қызыл Армияның дәрігерлік қызметкерлері жасасын!

27. Әскер тылының қызметкерлері! Қызыл Армияның автомобильшілері мен жолшылары! Қызыл Армияға соғыс техникасын, оқ-дәріні, жиім-жабдықты және азық-түлікті мәзгілінде жеткізіп тұрыңдар!

Әскер тылының қызметкерлері жасасын!

Қызыл Армияның автомобильшілері мен жолшылары жасасын!

28. Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының гвардияшылары! Даңқты гвардия туларын аябай алға апарыңдар! Қаһармандық пен батырлықтың, соғысқа шеберліктің, шабуылда қауырт қыймылдау мен төгеурінділіктің үлгісі болыңдар!

Совет гвардиясы жасасын!

29. Шығыс Пруссияда жаудың армияларын қыйратқан және Берлинге талу маңда немістерді талқандаушы совет әскерлерінің даңқы арта берсін!

30. Силезияда немістердің қорғанатын бекіністерін қыйратып, Одер өзенінің арғы жағында шабуылды дамытушы совет жауынгерлерінің даңқы арта берсін!

31. Карпат өңірінде жауға соққы беріп, бізбен дос Чехослованияны немістерден азат етуші Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлерінің даңқы арта берсін!

32. Венгрияда неміс-фашист әскерлерін талқандаған және Будапешт ауданын да жаудың әскер тобын жойған әскерлеріміздің даңқы арта берсін!

33. Отанымыздың таңдаулы ұлдары—Советтер Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлерінің даңқы арта берсін!

34. Советтер Одағының еңбекшілері! Майдандағы жауынгерлердің үй-іштеріне қамқорлық жасау—барлық совет отаншылдарының хасиетті борышы. Отанымызды азат етушілердің үй-іштеріне бүкіл жұртшылық болып көңіл бөліп, қамқорлық жасайық!

35. Жалпыға бірдей соғыс оқуы Отанымыздың жауынгерлік қуатын нығайтады. Совет отаншылдары мен отаншыл әйелдері! Соғыс ісін қажырлы қайратпен үйреніңдер, Отанымыздың шебер және батыр қорғаушылары болуға даярланыңдар!

36. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, инженерлер мен техниктер! Майданға көмектесу үшін тынбай еңбек істеңдер! Қызыл Армияға танкітерді, самолеттерді, зеңбіректерді, минометтерді, пулеметтерді, автоматтарды, оқ-дәріні неғұрлым көп беріңдер! Соғыс машиналарының сапасын арттыра беріңдер!

37. Совет темір жолшылары, темір жол әскерлерінің жауынгерлері мен офицерлері! Жанқиярлықпен жұмысты дөп-дел атқарып, Қызыл Армиямыздың шабуылда табысты белуын қамтамасыз етіңдер! Немістер қыйратқан темір жолдар мен құрылыс орындарын неғұрлым тез қалпына келтіріңдер!

38. Көлхозшылар мен көлхозшы әйелдер, МТС-тар мен совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары! Көктемгі егіске үлгілі даярланып және оны ойдағыдай өткізіп, 1945 жылы өгінен мол өнім алуы қамтамасыз етейік! Майдан мен елімізге азық-түлікті және шикізатты өселеп мол берейік!

39. Совет интеллигенциясы! Инженерлер мен техниктер, оқытушылар, агрономдар, ғылым, көрініс және әдебиет қызметкерлері, совет кәсіп орындары мен мекемелерінің қызметшілері! Халық шаруашылығымызды бұрынғыдан да өркендетуде жұмысшылар мен көлхозшыларға көмектесіңдер! Совет ғылымын, техникасын мен мәдениетін алға бастырыңдар!

Совет интеллигенциясы жасасын!

40. Совет әйелдері! Өндіріс мамандығын меңгеріңдер, еңбек өнімділігін арттырыңдар, өзе шабуылы мен химия шабуылынан қорғау ісін, санитарлық және байланыс ісін үйреніңдер! Барлық күшті неміс басқыншыларды талқандау ісіне, халық шаруашылығын өркендету жолына жұмсаңдар!

Совет әйелдері жасасын!

41. Совет жастары мен қыздары! Майданға көмектесу үшін жанқиярлықпен еңбек істеңдер, өндіріс техникасын меңгеріңдер, еңбектегі тәртіптіліктің үлгілерін көрсетіңдер, соғыс ісін қажырлы қайратпен үйреніңдер!

Совет жастары жасасын!

42. Коммунистер мен комсомол мүшелері! Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресушілердің алдыңғы қатарында болыңдар!

43. Отанымыздың халықтарының достығының, бақыты мен даңқының сенімді тірегі—ұлы Советтер Одағы жасасын!

Советтік Отанымыз жасасын!

44. Неміс-фашист басқыншыларды жеңу жолындағы күресімізге рух беруші және ұйымдастырушы—Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясы, Ленин—Сталин партиясы жасасын!

45. Гитлер Германиясын біржолата жою үшін, әділетті ісіміздің толық жеңуі үшін Ленин туы астында, Сталиннің басшылығымен алға басайық!

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

**2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА**

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 21 февральда, қатынас жолдарының маңызды торабы және Польшаның солтүстік-батыс бөлегіндегі немістердің қорғанатын нүшті тіректі бекінісі—ЧЕРСКІ қаласын ұрыспен алды.

ЧЕРСКІ қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант ГРИШИННИҚ, генерал-майор КИНОСЯНИҚ, генерал-лейтенант ТЕРЕНТЬЕВТИҚ, генерал-майор СМЕРНОВТИҚ, генерал-майор ЛЯСКИНИҚ, генерал-майор КИРИЛЛОВТИҚ, генерал-майор КОНОНЕНКОНИҚ, генерал-майор СУПРУНОВТИҚ, генерал-майор КРАСНОШТАНОВТИҚ, полковник ГОРИЧЕВТИҚ, полковник БОЧКОВТИҚ әскерлері; артиллерия генерал-майоры РАЗИНЦЕВТИҚ, артиллерия генерал-майоры МАЛОФЕЕВТИҚ, полковник КОРОЛЕВТИҚ, полковник ВАСИЛЕНКОНИҚ, полковник ТЮРИНИҚ, полковник ШЛЕПИННИҚ, подполковник АНИЩКИНИҚ артиллерияшылары; полковник ЮДИНИҚ, подполковник СЛОБОДЯНИҚ, подполковник ПОВАРОВТИҚ, майор ПРУСЕВИЧТИҚ танкішілері; авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННИҚ, полковник КАЛУГИНИҚ, полковник ВИНОГРАДОВТИҚ ұшқыштары; полковник ТРЕТЬЯКОВТИҚ сапарлері; байланыс әскерлерінің генерал-майоры НОВОЧУКТИҚ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ЧЕРСКІ қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 21 февральда, 20 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен өскі дүркін артиллерия оғын атып, ЧЕРСКІ қаласын алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ЧЕРСКІ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан баатырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

**Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.**

1945 жылғы 21 февраль.
№ 283.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Бүгін, 20 февральда, 17 сағатта Советтік Литваның астанасы Вильнюс (Вильно) қаласында 3-Белорус майданының әскерлерін басқарған армия генералы И. Д. ЧЕРНЯХОВСКИЙ жерленеді.

Советтер Одағының армиясы мен флоты Қызыл Армияның таңдаулы қолбасшыларының бірі болған ЧЕРНЯХОВСКИЙДІң табытына жауынгерлік туларын иіп, хұрмет көрсетеді.

БҰЙЫРАМЫН: армия генералы ЧЕРНЯХОВСКИЙ жерленетін сағатта мархұмға ақтық өскери хұрмет көрсетіліп, Отанымыздың астанасы МОСКВАДА жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма төрт дүркін артиллерия оғы атылсын.

**Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.**
1945 жылғы 20 февраль.

Мемлекеттік консерватория ашылды

Жақын арада Алматы қаласында Қазақ Мемлекеттік консерваториясы ашылды. Республикамыздың астанасында жаңа мәдениет мекемесінің ашылуында ҚК(Б)П Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Үкіметінің, қаладық ұйымдардың өкілдері, мәдениет пен көркем өнер мекемелерінің көптеген қызметкерлері болды. Олар консерватория коллективін шын жүректен құттықтады.

Консерваторияны ашуға арналған салтанатты мәжілісте Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары Омаров жолдас сөз сөйлеп, қазақ халқымыз мәдениеті мен көркем өнерін өр-

кендету ісінде консерваторияның зор маңызы бар екендігін атап көрсетті.

Біріккен өнер және балет театрының өкілдері, композиторлар мен әдебиет, мәдениет және көркем өнер қызметкерлері консерваторияның оқушылары мен оқытушылар коллективін ықпалмен құттықтады.

Еліміздің жер-жерлерінен консерваторияның атына көптеген құттықтау телеграммалар түсті.

Салтанатты мәжілістен кейін ойын-сауық кеші өткізілді. Бұған Қазақтың Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының ұлт оркестрі, хор капелласы мен консерватория оқытушылары қатысты.

Керуеншілер үлгілі жұмыс істеуде

Ленин ауданындағы «Еңбек» ауыл шаруашылық артельінің керуеншілері түкпірдегі пункттерден астық тасуда. «Барлығы майдан үшін, барлығы жауды жеңу үшін» деген ұранмен жаянаймай жұмыс істеуде. Олар өздерінің барлық күшін түкпірдегі пункттен астықты негүрлым

ды. Бұлардың қарауында 18 ат-шана бар. Керуеншілер бір ай ішінде темір жол бойына 735 центнер астық жеткізді.

Керуеншілер Сыздықов, Сағдиева және Зікірина жолдастар айнабай жұмыс істеп, іс үлгісін көрсетуде. Олар жол бойында

Совет Хабаршы бюросынан

20 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

20 февральда ЗЕМЛАНД түбегінде әскерлеріміз дұшпанның жаңу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды. Жау орасан көп шығынға ұшырауына қармастан, КЕНИГСБЕРГТЕН ПИЛЛАУ батығында бітысқа қарай өтіп кетуге тырысқан болатын. Мұнымен қатар, КЕНИГСБЕРГТИҚ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз немістердің Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қыспаққа ала отырып, АЛЬБЕНЛАУК, НЕМРИТЕН, КАНДИТЕН, ГУТТЕНФЕЛЬД, АЙХХОЛЬЦ, ВОЛАУ, ГАУДЕН, ПАКХАУЗЕН, БОРЖЕРТСДОРФ қыстақтарын алды. 10 февральдағы ұрыстарда КЕНИГСБЕРГТИҚ батыс және оңтүстік-батыс жағындағы ауданда немістердің 70 танкі қыйратылды, жойылды. Дұшпанның 600ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

ДАНЦИГТИҚ оңтүстік жағында әскерлеріміз ВИСЛАНЫҚ батыс жақ жағалауы бойымен шабуыл жасай отырып, 50ден аса елді жерлерді, оның ішінде МЮНЕ-ТОРВАЛЬДЕ, ХАББДОРФ, ЛЯЛКАУ, ЯЩЕРСКИ, КАСПАРУС, ЛИНОВЕГ, ГРОСС-ШЛИВЕЦ, ГАГЕНОРТ, ШРЯТА үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. ГРУДЗИЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласында дұшпанның қоршаудағы гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

БРАНДЕНБУРГ провинциясында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде ГРОССЕН, БОБЕРЫБЕРГ, ХРИСТИАНШТАДТ қалаларын алды, сол сыяқты 80-нен аса басқа елді жерлерді, оның ішінде АЛЬТРЕФӨЛЬД, НОЙЭНДОРФ, ЛИНДЕН-ХАНН, ШЕГЕЛЬН, ДАУНЕ, ЛАУБНИТУ, ГУРКАУ, МАРСДОРФ, БУРАУ үлкен қыстақтарын алды. 19 февральда бұл ауданда немістердің 1000дай солдаты мен офицері қолға түсірілді.

БРЕСЛАУ ауданында қалада қоршауға ұлынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

Чехословакия жерінде ЛУЧЕНЕЦ қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз КАРПАТ өңіріндегі таулы-орианды жерлердің қиын жағдайында қыймыл жасай отырып, 60тан аса елді жерлерді, оның ішінде СКЛЯРОВО, ДУБРАВИ, ДИТВА, КРИВАНЬ, ДРУГАЙОВЦИ, СТАРА ГУТТА, ЧЕРВИНА үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

ДУНАЙ өзенінің солтүстік жақ жағалауында КОМАРНО қаласының шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаңу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын ойдағыдай тойтаруда болды. 19 февральда бұл ауданда немістердің 60 танкі қыйратылды, жойылды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызды бар ұрыстар болды.

19 февральда барлық майдандарда немістердің 206 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зеңит зеңбіректерімен дұшпанның 107 самоләті атып түсірілді.

21 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

21 февральда ЗЕМЛАНД түбегінде КЕНИГСБЕРГТИҚ батыс жағында әскерлеріміз ПИЛЛАУ батығында КЕНИГСБЕРГТЕН шығып кетуге тырысқан дұшпанның жаңу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтаруда болды, сөйтіп табан тірескен ұрыстардан кейін бірнеше елді жерлерді тастап шықты. Мұнымен қатар, КЕНИГСБЕРГТИҚ оңтүстік және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қыспаққа ала отырып, ШВЕНГЕЛЬС, МАГ-ГЕН, АУГАН, ВОРШИНЕН, ВЛУНШТАЙН, ПЕТЕРСВАЛЬДЕ, ХОГЕНДОРФ, ШТРАУБЕНДОРФ, ШЕНДАМЕРАУ қыстақтарын ұрыспен алды. 20 февральдағы ұрыстарда КЕНИГСБЕРГТИҚ батыс және оңтүстік-батыс жағында немістердің 60тан кі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 21 февральда, қатынас жолдарының маңызды торабы және Польшаның солтүстік-батыс бөлегінде немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі—ЧЕРСКІ қаласын ұрыспен алды, сол сыяқты 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ЕЗЕВИЦ, НИХТЕФЕЛЬДЕ, ПЕСКЕРФЕЛЬДЕ, КИРХЕНЯН, ОССИК, ОЦЦИПЕЛЬ, ШЕНБЕРГ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

БРАНДЕНБУРГ провинциясында әскерлеріміз ПФЕРТЕН, ПРИБУС қалаларын ұрыспен алды, сол сыяқты 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ЛАМО, КУ-ШЕРН, ФОРШТАДТ, ГЕРЕН, НИВЕРДЕ, ИШЕХЕЛЬН, ГРЕФИНХАЙН, ГРОСС-ЗЕЛЬТЕН, ЛАЙППА үлкен қыстақтарын алды. 20 февральдағы ұрыстарда бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 49 танкін қыйратты, жойды.

БРЕСЛАУ ауданында әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

ДУНАЙДЫҚ солтүстік жақ жағалауында, КОМАРНО қаласының шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаңу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды. 20 февральда бұл ауданда немістердің 33 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызды бар ұрыстар болды.

20 февральда барлық майдандарда немістердің 160 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зеңит зеңбіректерімен дұшпанның 67 самоләті атып түсірілді.

НЕМІСТЕРДІҢ ШТЕТТИН, ШТАРГАРД ЖӘНЕ БРЕСЛАУ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАПТАРЫ МЕН СОҒЫС ОРЫНДАРЫНА АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ШАҒУЫЛЫ

21 февральға қараған түнде ауыр бомбардирларымыз Штеттин, Штаргард қалаларындағы жаудың темір жол тораптары мен соғыс орындарына соққым берді. Бомбалау нәтижесінде үлкен өрттер шықты. Дұшпанның темір жол әшекейлері мен соғыс оқпалдары өртенді. Әсіресе Штаргард темір

жол торабында үлкен өрттер шықты. Өртпен көптеген күшті зырыстар болды.

Авиациямыз сол сыяқты Бреслау қаласындағы өрттер-өкпелерін орындарын да бомбалады. Бомбалаудың дәл тиімінен бір соғыс заводы талқандалды. Немістердің қоршаудағы алыңғы әскер тобы түрмен жерде өрттер шығып, күшті зырыстар болды.

Земланд түбегінде дұшпан Кенигсбергтен батысқа қарай өтіп кетуге тырысып, шеңберімізге атақа жасауда. Немістер жаңу әскерлері мен танктерінің ірі күштерін шоғырландырып, Полау порты маңындағы алаңға қарай өтіп кетуге тырысуда. Олар адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшырауына қарамастан, тың күштерін ұрысқа шығаруда. Тек бір күрәмамыздың учаскесінде ғана бір күнде немістердің 1600 солдаты мен офицері жойылды.

Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында немістердің бекіністі ауданының орталық тағы тіректі бекінісі—Центен қаласының іргелерінде кескілескен ұрыстар болды. Совет бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, едәуір алға басты, сөйтіп жаудың темір-бетоннан жасалған бірсыпыра атыс бекіністерін алды. Екінші бір учаскеде гитлершілдер Пассарге өзенінің шығыс жақ жағалауындағы әскерлеріміз алғаш табан тірейтін шетті жою үшін әлде-нәрет әрекет жасады. Күн кенжіре жаудың барлық қарсы атакалары тойтарылып болды. Майданның кейбір учаскелерінде совет жаңу әскерлері өз шеңберін жақсартты. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Авиациямыз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобының шоғырланған әскерлері мен танктеріне соққым берді. Совет

склады талқандалды. Жаудың бір полктей жаңу әскері тозырдаталып, олардың басым көпшілігі жойылды. Әуе ұрыстарында және зеңит зеңбіректерімен немістердің 19 самоләті атып түсірілді.

2-Белорус майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Совет бөлімдері қауырт алға басып, Черскі қаласын ұрыспен алды. Немістер бұл қаланы Польшаның солтүстік-батыс жағындағы өздерінің қорғанатын күшті тіректі бекінісіне айналдырып болатын. Олар Черскінің іргелерінде көптеген дала бекіністерін салып, бұл бекіністерді атыс бекіністерімен нығайтты. Көптеген немістерді көп орыанды жерлер әскерлеріміздің әдіс жасауына қыймылдатып. Совет жаңу әскерлері артиллерияның көмегімен дұшпанға шабуыл жасап, оның қорғану шеңберін бұзып өтті, сөйтіп Черскінің көшелеріне басып кірді. Тас үйлерге бекінген гитлершілдер мен талас қарсылық көрсетті. Алайда олар толығынан талқандалды. Черскі қаласы—қатынас жолдарының маңызды торабы. Мұнда төрт темір жол және бірнеше тас жол торабы бар. Бұл қала үшін болған ұрыстарда немістердің 2000дай солдаты мен офицері, жаудың 11 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі жойылды. Жаудан 26 зеңбірек және басқа олжа қолға түсірілді.

Майдандағы батырларымыздың данқы арта берсін!

Қызыл Армияның соғыс өнері

Генерал-майор Н. ЗАМЯТИН.

Қызыл Армияның шабуылды ұрыс қиймылдарының болып көрмеген көлемде дамуы, оның қауырт, жойқын күші, үздіксіз табысты болуы Сталиндік стратегияның басымдылығы, соғыстың бүкіл барысында соғысмен қабат, жеке ұрыс қиймылдарына Жоғарғы Бас командованиенің дамып отыратын басшылық жасауы нәтижесінде болып отыр.

Күштің ара салмағын шұғыл өзгерту сияқты ерекше күрделі міндетті Жоғарғы Бас командование ойдағыдай шешті. Қызыл Армия соғыстың алғашқы кезеңіндегі кескілескен қорғау ұрыстарында герман армияларының тегеурінін тоқтатып ғана қойған жоқ, сондай-ақ жаудың әскерлерін қансыратты. Бұл кезде әскерлеріміздің алдағы уақытта зор көлемді шабуылды ұрыс қиймылдарын жүргізуі үшін күш әзірленді.

Соғыстың алғашқы кезінде немістер өздерінің негізгі күшін тұтас пайдалануға тырысты. Бұл олардың «қауыр соғыс» деген дәстүрінен шыққан болатын. Совет командованиесі немістердің бұл әдісіне армиямыздың тұтқиылдан соққы беру өнерін, күшінің тегеурінділігін, моральдық рухын, дивизияларымыздың саны мен сапалылығын, армиямыздың қарулы әскерлеріміздің басшы составының ұйымдастырушылық қабілетін қарсы қойды. Сталиндік стратегияның алдағын болжаушылық арқасында Қызыл Армияның 1944 жылы қандай күшті болғанына, оның командованиесінің резервтері қандай көп болғанына сондай, әскерлеріміз тек бір жылдың ішінде, аса ірі 10 шабуыл қиймылдарын жүзеге асыра білді. Мұнымен қатар, совет әскерлері соққы берген бағыттарда Қызыл Армия командованиесі әскерлеріміздің күшінің жаудың күшіне қарағанда шұғыл басым болуын қамтамасыз етті.

Сталин жолдастық стратегиялық басшылығы арқасын зор ұрыс қиймылдарында әскерлеріміздің қуатты соққыларды шебер және батыл өткізе ұшығатын бұйына мүмкіндік берді. Бәрібір ұрыс қиймылдарының терең ойластырылып, ойдағыдай жүзеге асырылып жоспардың негізгі бір саласы екендігін білу үшін Қызыл Армияның 1944 жылғы негізгі шабуылды ұрыс қиймылдарының барысын байқауды өзі де әбден жеткілікті болады. Жаудың өте-мөте тез және толық талқандалуын қамтамасыз ететін шешуші оқиғалардың түйінді жерін бағытқа және негізгі соққы берілетін бағытты таңдап алу ісінде Сталиндік стратегиялық хасиеті ерекше айқын көрінді.

Қызыл Армияның негізгі соққылары 1944 жылғы ұрыс және стратегия жағынан аса қысқа мерзім ішінде ойдағыдай нәтиже беретіндей етіп жүргізілді. Бұл соққылар дұшпанның тұтқиылдан және күтпеген жерден берілді.

Украин майдандары әскерлерінің 1944 жылғы февраль-март айларында берген соққысы жау үшін ойламаған жерден болды. Оңтүстікті жағытұрғыры аласапар, жолдың бұзылып, қардың еруі жағдайында Қызыл Армияның кең көлемді шабуыл ұрыстарының өрістері мүмкін болатын деп ұрыс командованиесі ойламаған еді.

Немістердің Белоруссиядағы әскер тобына Қызыл Армияның күйрете соққы беруі де дұшпаны үшін мүлде күтпеген жағдай болды. Өйткені гитлершілдер совет-герман майданының оңтүстік секторында Қызыл Армия командованиесі шабуыл бастағандықтан, майданның басқа учаскесінде ол шабуыл жасай алмайды деп ойлаған болатын. Қызыл Армия совет-герман майданының түрлі учаскелерінде жақта үсті-үстіне қуатты соққы берді, ал герман командованиесі совет әскерлерінің алдағы ұрыс қиймылдарының қандай болатындығын күш бұрып болжап алмады. Неміс штабының барлық болжауы қате болып шықты. Осының нәтижесінде дұшпаны өзінің күшімен бірде-бір учаскедегі әскерлеріне дер кезінде әсерлі көмек көрсете алмай, өзінің бүкіл майданы бойында жөңкіле кері шегінді.

Қызыл Армияның Жоғарғы Бас командованиесі 1944 жылғы ұрыс қиймылдарының барысында шешуші кезеңдер мен бағыттарда стратегиялық күшті пайдалана білуде совет әскерлері күшінің жаудан басым болуын қамтамасыз ету ісінде тамақша шеберлік көрсете білді. Жоғарғы Бас командование өткен жылдардағыдай стратегиялық жағынан басшылық жасау және шабуылды ұрыс қиймылдарына бірдей тұтас қатысушы бірнеше майданның ұрыс қиймылын біріктіру сияқты өте-мөте қиын міндетті ойдағыдай орындады. Қызыл Армияның берген соққылары нәтижесінде 1944 жылғы дұшпанның негізгі стратегиялық әскер топтары бірінен соң-бірі талқандалды. Бұл бүкіл герман май-

шегінуге, сөйтіп тіпті жеке учаскелерде Германияның шекарасын ашуына мәжбүр етті.

Қызыл Армияның жеңістері советтің соғыс өнерінің, біздің соғыс теориямыздың қазіргі заманға ырыс сай, ең өзат теория екендігін, дұшпанның соғыс өнері мен әдісі мен үздік шыққандығын мекеттейді.

Совет соғыс өнерінің негізгі ерекшелігі—ұрыс қиймылдарының барлық дәуірінде маневрді кеңінен және батыл қолдану, бұл ұрыс қиймылдарының шеберлікпен жүргізілуін қамтамасыз ету болып саналады. Осының нәтижесінде 1944 жылғы шайқас жаудың ірі әскер топтарын сан рет қоршауға алумен ыспатталады. Маневрдің қауырт жасалуы дұшпанның қорғанысын негізгі бекіністерін бұзуда да, сондай-ақ жаудың қорғаныс шебінің түкпірінде шабуылды барған сайын дамыту ісінде де табысқа жеткізді қамтамасыз етті.

Айта кету керек, дүние жүзілік бірінші соғыс кезінде позициялы майдан шебін бұзып оты, әдіс жөнінен табысты ұрыстағы табысқа айналдыру шешуші өте-мөте қиын міндет деп саналған болатын. Қызыл Армия әскерлері барлық шешуші шабуыл ұрыстарында шайқастың алғашқы екі күні ішінде-ақ әдеттегідей, дұшпанның тактикалық қорғаныс шебін бұзып өтуді жүзеге асыра білді. Кей кезде, әскерлеріміз мұндай табысқа шабуылдың алғашқы күнінің өзінде-ақ не болды, сөйтіп бұған таяу күндерде дұшпанның қорғаныс шебі 70—100 километрге дейін ішке қарай бұзылатын болды. Совет әскерлерінің шабуылды ірі ұрыс қиймылдарының едәуір дұшпанды бір мезгілде 3—5 және одан да көп соққы беріле отырып, 300—500 километрлік майдан да өріс алды. Бұл негізгі соққы берілетін бағытты дұшпанның күнделікті анықтауына мүмкіншілік бермей, оның ұрысқа жұмсайтын барлық әскерлерінің берекесін кетірді.

Негізгі соққы берілетін бағыттарда әсер-се артиллерия, танк және авиация жағынан жаудың күшінен сәзсіз басым болуы ұйымдастыру—Қызыл Армияның барлық шабуыл ұрыс қиймылдарының міндетті шарты болды. Екінші топтардың қатарында көптеген артиллерияның, ірі танк және атты әскер құрамаларының болуы, авиацияның күшті көмек көрсетуі дұшпанның қорғаныс бекіністерін тез бұзып өту жөнінен ғана емес, сол сияқты дұшпаны шебінің түкпірінде қауырт маневр жасап, кері шегінген жауды жөңкілте өкшелеуге қуу қарқынын дамытуда әскерлерімізге мүмкіндік берді.

Әскерлеріміздің тәулігіне орта есеппен 20—25 километр алға ілгерілеп, шабуылды мұндай қауырт жүргізілуі жаудың кері шегінген әскерлері мен бұған көмекке әкелінген тың күштерінің кең көлемді жаңа шеп терге ұйымдасқан түрде бекініп, атыс уялары мен бөгеттер әзірлеуіне мұрша бермеді. Бірсыра жағдайда әскерлеріміздің шабуыл жаудың майданының бірінші-бірі қол үзген жеке учаскелерге бөліп тастап, оның әскер бөлімдерін басқару ісін мүлде берекесіз кетірді. Бұл совет командованиесінің алғашқы тактикалық табысты ұрыстағы және тактикалық маңызы бар табысқа айналдыруына мүмкіндік берді. Мұндай жағдайда тұтқиылдан шабуыл жасаудың көп маңызы бар. Тұтқиылдан шабуыл жасалуы кең майданда шабуылды ұрыс қиймылдарының бір мезгілде өрісетілуі, әскерлердің бүркемеленіп топтастырылуын жүргізу, бүркемелеу тәртібін жоғары дәрежеде болуы және оның барлық талаптарының орындалуын штабтардың қадағалап бақылауы нәтижесінде қамтамасыз етілді. Мұнымен қатар, дұшпанның амал-айла асыру жөнінде тыңшылықты түрде жасалған шараларды совет әскерлері кеңінен қолданды. Тыңшылықты жұмыс істеу, темір жол және қалпына келтіруші темір жол әскерлерінің жан қырылықпен еңбек істеуі нәтижесінде өзінің көлемі жағынан Қызыл Армияның аса зор ұрыс қиймылдарының дамуы мүмкін болды.

Қазіргі соғыста фашистік Германия өткен барлық соғыстардағы Германиядан күшті және залым дұшпан болып шықты. Дегенмен Қызыл Армия фашист әскерлерін талқандауда, өйткені Советтер Одағы күш жағынан Гитлер Германиясынан басым болып шықты. Соғыстың барысында Қызыл Армияның өзінің күші жағынан күштілігінен ғана емес, сонымен қатар соғыс техникасы мен соғыс өнерінің сан-сапасы жағынан артықшылығы арқасында герман армиясы жеңіліске ұшырап отыр. Совет жауынгерлерінің әділетті, азаттық соғыс жүргізгендігі, өз Отанының намысы мен тәуелсіздігін қорғап жатқандығын көрсетті.

ЖЕКПЕ-ЖЕК ҰРЫСТА

Жаудың 8 танкімен жекпе-жек ұрыста аға сержант Есентай Құрманбаев батырлық пен ержүректіліктің тамаша үлгісін көрсетті.

Құрманбаевтың зеңбірегі атқыштар бөлімшесінің жауынгерлік сапында тұрған еді. Жау танктері осы бөлімшеге қарай бет алып оқ атып келе жатты. Зеңбіректен танкке қарсы оқ атылсамен, зеңбірек жаңына жау снаряды келіп түсті. Зеңбірек көздеушісі мен оқтаушысы жараланып қатардан шықты. Енді зеңбірек жанында еш кім қалған жоқ. Ал жау танктері жақын дап қалды.

Есентай Құрманбаевты снаряд түскен жердің топырағы көміп кетті. Бірақ ол дереу түрегеліп, зеңбірекке келді де жауға қарсы оқ атты, бір өзі үш кісінің міндетін атқарды. Жауға төнген сайын Құрманбаевтың күшіне-күш қосылды.

Алда келе жатқан неміс танкі жаяу әскерлерімізге оқ боратты. Есентай осы мезетте танкке дәлдеп оқ атты. Жау танкі талқандалды. Екінші бір танк шебімізге жақындады. Құрманбаев зеңбірегін дереу

оқтап екінші снарядпен жау танкінің қабырғасын қаусатты. Танк шойырлып қалды.

Өрт жалыны шарпыған танктерден айналып өтіп зеңбірекке қарай тағы да алты танк келе жатты. Олар зеңбіректен мен пулеметтерден үздіксіз оқ атуда болды.

Құрманбаев жаудың танктерінің бірінен соң біріне оқ боратты. Көп ұзамай-ақ ұрыс даласында неміс танкі бес танкі өртелді.

Жекпе-жек ұрыстың қызу кезінде Есентай снарядтың азайғанын байқады. Бұл оны жақын жерден тек ғана дәлдеп атуға мәжбүр етті. Бұдан кейін екі танкті ол снарядпен өртелді. Енді жаудың 8 танкінің біреуі ғана қалды. Ол басып-жаншып ілгері ұмтылды. Құрманбаев 100 метр қашықтықтағы бұл танкті дәлдеп көздеді де, оған бір рет оқ атты. Танк бүрк ете түсті.

Батыр артиллерияшы Құрманбаевтың ержүректілігімен қиймыл жасауы нәтижесінде немістердің қарсы атакасы масқара болып күйреді.

Е. ҚОРЯВИЧЕВ.

МӨНГІ ӨШПЕС ЕРЛІК

МАЙДАНДАҒЫ АРМИЯ. 20 жасар совет жауынгері Алексей Каширин соңғы ұрыстардың бірінде Советтер Одағының Батырлары Александр Матросов пен Султан Баймағамбетовтың данқты ерлігіне лайық мөңгі өшпес ерлік істеді.

Бір күні рота жауынгерлері шабуылға шықты. Бізгәрі суық жел есіп, қар борап тұр. Немістер пулеметтер мен минометтерден оқ жаудырды. Жауынгерлер жауыптан жасқанбай, неміс шебіне жақындай түсті. Дұшпан оқты қарша боратты. Жауынгерлер жер бауырлап жата қалды.

Командирдің бұйрығы бойынша зеңбірекшілеріміз бен минометшілеріміз нәсерлеті оқ атып, жаудың атыс уяларының үнін өшірді. Тек сол жақ қанаттағы бір атыс бекінісінен неміс пулеметі тынымсыз оқ атып тұрды. Бұл пулеметтің үнін өшіруге ешбір мүмкін болмады.

Жауынгерлер жер бауырлап жата берді. Бір кезде аға сержант Каширин:

Лейтенант Қарабаевтың ерлігі

Лейтенант Байз Қарабаев басқарған танк жоюшылар бөлімшесі шебімізге жаудың танктері өтіп кету қаупі тұған уақытта бір шепке орналасып, оны шеп-берлікпен қорғап тұрды. Танкке қарсы ататын мытықтардың орналасқан жерін жау сезе алмады.

Таң қылаң берген кез еді. Немістер артиллерия дайындығынан кейін бөлімшеміз бекінген шепке атака жасады. Қарабаевтың басқаруындағы жауынгерлер орналасқан шепке фашист танктері тура келе жатты. Танк бұзушылар тачктердің жақынырақ келуін күтіп жатты. Ешбір сыбыс сезілмегеннен кейін жаудың танктері тізілген бойымен алға өттеледі. Дәл осы мезетте командирдің:

—Дайындалыңдар!—деген бұйрығы естілді. Жауынгерлер дереу орындарынан

—Жаудың атыс бекінісіне қарай жер бауырлап жүріңдер!—деп команда берді.

Каширин, оның ізінше жауынгерлер жер бауырлап жүрді. Мұны жау сезіп қалды. Жауынгерлердің үстінен оқ зуылдап өтіп жатты. Олар қарды қазып, жасырылды. Неміс атыс бекінісіне дейін 20—30 метрдей жер қалды. Сол мезетте жауынгерлердің бірі орынан ұшып тұрагелді. Бұл Каширин еді. Ол бір минут те тыныс алмай оқ атып тұрған неміс пулеметіне қарай жер бауырлап жүрді. Каширин атыс бекінісіне тіпті жақын келді. Ол өз-кем ғана кірді. Кірпік қаққанша болмады ол атыс бекінісіне тап беріп, жау пулеметінің ауыз денесімен жапты.

Совет жауынгерлері атой оалып, неміс шебіне тіке шабуыл жасады. Алексей Каширин өзінің мөңгі өшпес ерлігімен бөлімшенің жауынгерлік міндетті мүлтіксіз орын дауын қамтамасыз етті.

А. БАХЫТТЕРЕЕВ.

Гвардия кіші лейтенант.

Жас батыр

Соғыс басталған жылы Сәлімгерей Қазақпаев 16 жаста ғана еді. Ол неміс қарақшылардың Отанымызға опасыздықпен қанды шенгелін сұққанын естігенде: «Еркін өскен ұл едім, ел намысын қорғаймын, жауыздарды жайратып әділдікті ақтаймын» деп жауға қатты ызаланды. Сәлімгерей өзі тіленім майданға аттанды.

Бөлімшелеріміз Н. қаласына басып кіріп, көшелерде жойқын ұрыстар жүргізіп жатты. Жауынгерлер қаланың орта шеніне жете бергенде, немістер бір кірпіш үйдің екінші қабатына орнатқан пулеметпен жанталаса оқ жаудыра бастады. Автоматшыл-р тобында қиймыл жасап жүрген Қазақпаев мұны көрді де бүркемеленіп барып, үйдің немістер отырған қабатына шықты. Сөйтіп оларға екі граната лақтырды. Жау пулеметі мен адамдарының

фриц тап бола кетті. Сәлімгерей фрицпен бұрып қиймыл жасап оның маңдайына автоматтың дүмімен бар нәрменімен қойып қалды. Совет жауынгерінің тегеуірінді күші фрицті сеппей қатырды. Сәлімгерей бұл күні 150 гитлершілді ол дүниеге жөпелтті.

Сәлімгерей майданға келгені талай жорықтарда болып, тар жол тайғақ кешуден өтті. Өзі қатысқан ұрыстарда қазақ халқының батырлық дәстүріне дақ түсірмей, жауға қарсы брыстанша айқасты. Сәлімгерейдің омырауындағы III-дәрежелі Даңқ ордені «Батырлығы үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін» медалдары Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында оның жанкыярлықпен ұрыс жүргізіп жүргендігінің толық сипаттауы.

ОТАН

Түннің тұрсаң құшағында
Түссен сен есіме.
Түнде сені көргім келіп,
Қараймын мен тесіде.
Түн түндігі түріп ашып,
Түнекті сен серпесін.
Сырып тастап жадырайсың
Түнің түйік көрпесін.

Өрге біткен ой өзені
Өрден өріп ағады.
Сол өзеннен сені іздеп
Жағалаймын жағаны.
Ашық айдың айдындағы,
Сәулесіндей жүзінді
Көріп сонда, жүзіңнен мен
Көремін өз жүзімді.

Қыял құсы шыңнан асып,
Шырқап қанат қағады.
Асса да одан, сенен аспай
Бір өзіңе барады.
Өрлеп өмір баспасымен
Шығып шыңнан биікке.
Қарасаң да, тұрасың сен
Бәрінен де биікте.

Тарихтан мен таба алмаймын
Сенен асқан сұлуды.
Нұрлысын сен, ыстықсын сен—
Күн көзіңдей жылулы.
Сенсіз өмір сүре алмаймын,
Өзіңе ең қымбатты.
Хасиетті, қадірлісің,
Бәрінен де артықсың.

Жақаш алып жауға шапсаң
Жанымда сен ересің.
Жанның шөлің қандырасың—
Жауды жеңіп бересің.
Жауса жаңбыр, соқса дауыл
Панада да аласың.
Аяла да, алызғақта
Қорғап өзің қаласың.

Вал бұлақтың алтын аққан
Арнасың суалмас.
Асылдың сен, сендей болып
Туған да жоқ, туа алмас!
Жаусын жаңбыр, соқсын дауыл,
Жаңбыр болып жаусын оқ.
Сенің үшін оқ ішінде
Қаза тапсаң арман жоқ.

Сенсің, Отан, еңбекте де,
Егесте де—ұраным.
Қыйырдаң да күндіз-түні
Сені көріп тұрамын.
Жұбаң МОЛДАҒАЛИЕВ.
Майдандағы Армия.

Игілікті бастама

Соколов ауданының «Путь Сталина» колхозындағы әйелдер советінің мүшелері (председателі Қорина жолдас) игілікті іс бастады. Олар картоф ұшын және бау-бақша өсімдіктерінің тұқымын жыйнау жұмысына жаршы болды.

Бұл игілікті іске оқытушылар Маслова және Бандя жолдастар белсене қатынасып жүр. Олар аз уақыттың ішінде 700 килограмдай картоф ұшын және үш килограмнан аса жеміс тұқымының жыйналуын қамтамасыз етті.

Егіс тұқымын жыйнау жұмысы әлі де жүргізіліп жатыр.

М. ЕГІЗБАЕВ.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ СОҒЫС ӨНЕРІ

(Басы 3-бетте).

Қызыл Армияның саяси-мораль жағынан хасиетін қазір бүкіл дүние жүзі көріп отыр, совет адамдарының теңдесі жоқ өрлік істеріне бостандық сүйгіш барлық халықтар сүйейтін отыр.

Даньшпан Сталин рухандырып, алға бастаған Қызыл Армияның жеңістері оның батыр совет халқының бел баласы екендігінің нәтижесі болып саналады. Бұл жеңістер біздің советтік социалистік экономикамыздың, оның сарқылмас мол қорының нәтижесінде болып отыр. Бұл жеңістер болысөңкертер партиясының басшылығы арқасында біртұтас ынтымақты семьяға біріккен еліміздің барлық халықтарының саяси-моральдық бірлігінің нәтижесі. Октябрьдің ұлы жеңістерін қорғауға аттанған халықпен Қызыл Армияның мызғымас бірлігі—гитлершілдердің барлық сұрқылық арам ниетін талқандап, оларға өлтіре соққы берген тегеуінді күштің қайнар бұлағы міне осында.

Қызыл Армияның 1945 жылғы январьда өріс алған аса күшті шабуылы нәтижесінде ұрыс қыймылдарының алғашқы айында немістердің Шығыс Польшадағы аса ірі өс-

Даңқты мерекеге өндірістік тарту
Мол өнімнің негізін қалауда

Октябрь ауданындағы «Өрнек» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері даңқты мерекеге лайықты тартулар әзірледі. Сөйтіп «өктемгі егіске әзірлік жұмыстарында елеулі табыстарға ие болды. Қазір бұл колхоз да ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысы аяқталды. 14 көлік соқасы, 74 тырма, 3 тұқым сенкіш, 50 жарма, 50 жетек, 30 ат қамыты жөнделді. Комиссия жөндеу жұмысының сапасын ойдағыдай деп тапты.

Жарыс күндерінде колхоз ұсталары Мәметков және Маншекін жолдастар тынбай жұмыс істеп, стахановшылар қатарына қосылды. Бұлар еңбек өнімін үнемі арттыруда.

Колхоз председателінің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Рахымов жолдас тың қаблетті басшылығы нәтижесінде, қысқы агротехникалық шаралар мұлтқисіз жүзеге асырылды. 100 гектар егіс алаңына қар тоқтатылды. Жергілікті тыңайтқыштардан—120 тонна көн, 2 центнер күс қы

йы және 10 центнер күл жыйналып, егіс алаңдарына төгілді.

Мол өнім сапалы тұқымнан өнетіндігін колхозшылар бір минутта естен шығарған емес. Сондықтан да олар егіске 1003 центнер бидай, 22 центнер сұлы, 36 центнер тары, және 46 центнер арпа тұқымын әзірледі. Бұлардың ішінен 500 центнері триермен тазартылды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(Б)П Орталық Комитетінің «Жұмыс малдарын сақтау және оларды егіс жұмыстарына әзірлеу шаралары туралы» қаулысы мұлтқисіз жүзеге асырылуда. Барлық жұмыс малдары күтімге қойылып, оларды күту таңдаулы колхозшыларға тапсырылды.

«Өрнек» колхозының колхозшылары даңқты мереке алдында осындай табыстарға жетті.

К. УӘЛИЕВ,

Колхоз есепшісі.

Социалистік жарыстың нәтижесі

Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылар коллективі Батыр Қызыл Армияның 27 жылдық мерекесі алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындай отырып, айлық жоспарды мерзімінен едәуір бұрып—23 февральға дейін толық орындады. Завод жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бұл айда еңбек өнімділігін бұрынғыдан 15 процент арттырып, өндірілген продукцияның өзіндік құнын 7 процент кемітті. Мұнымен қатар, завод жұмысшылары өздерінің негізгі жұмыстан бос уақыттарында облыс МТС-тары үшін 15.000 сомның қосалқы бөлшектерін жасап шығарды.

Марков жолдас бастық болып істейтін цехта Агарковтың жұмыс әдісін пайдалану нәтижесінде маман 20 жұмысшы бұрынғы жұмыстарынан босатылып, басқа жұмыстарға ауыстырылды, сөйтіп мұнда аз уақыттың ішінде 10.000 сом қаржы үнемделді.

ТӘЖРИБЕЛІ ШОПАН

Приешім ауданындағы Қызылөскер қой совхозының №1 бөлімшесінің шопаны Ә. Байбөріні жолдас совхоздың маңдай алды шопандарының бірінен саналады.

Быйыл Байбөріні жолдас 1000 қой бағды. Қойлардың күтімі ойдағыдай. Бірде-бір қой шығын болған емес.

—Қысқы қорасы жылы болса,—дейді Байбөріні жолдас,—қой қыстатуды үлгілі өткізуге болады. Қойларды мезгілінде азықтандырып, суарудың да маңызы ерек-

ше зор. Қой күйлі болса, ол қысқа тезімді келеді.

60 жастағы шопан Сейтақмет Жапаров осы совхозбен бірге жасасып келеді. Сейтақмет осы жылдар ішінде шопандық жұмыстан қол үзген емес. Сейтақметтің отарындағы 700 қойдан 155 қой қоздап, 185 қозы алынды. Алынған қозыларды шопан Жапарова жолдас мөпелен күтіп жүр. Ол өткен жылы 521 қозы күтіп, аман өсірген болатын.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

қы беру нәтижесінде дұшпанның бұйы майдан шебі бұзылып, бірімен-бірі бірлесіп қыймыл жасай алмайтындай болған және бөлшектерге бөлініп тасталды.

Қызыл Армияның қазіргі уақытта болып жатқан шабуылды ұрыс қыймылдары нацистер Германияның стратегия жағынан тағы да орасан қатты жеңіліске ұшыратты. Соғыс өзінің ақырғы, шешуші кезеңіне кірді. Одақтас үш мемлекет—Советтер Одағы, Америка Құрама Штаттары мен Ұлы Британия басшылары Қырымда болған конференцияда нацистер Германиясына қарсы соғыстың ақырғы кезеңіндегі күш бірлігінен соғыс қыймылдары жөнінде толық келісім жасалғандығын анықтады. «Германияның милитаризмі мен нацизмін жою, сөйтіп Германия енді ешқандай да дүние жүзінің бейбітшілігін бұза алмайтын етуге келіңдік жасау—біздің, бұтжымайтын міндетіміз» делінген одақтас үш мемлекет басшыларының мәлімдемесінде.

Одақтастарымыздың армияларының ұрыс қыймылдарын шеберлікпен жүргізуімен бірге, Қызыл Армияның жоғары соғыс өнері жаудың сөзсіз толық талқандалуын қамта

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 20 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Германияда Райн және Маас өзендерінің аралығында, Мойланд ауданында көскілескен ұрыстар болды. Мұнда одақтастар әскерлері Қолжар бағытында едәуір алға басты. Одақтастар әскерлері сол сыяқты Гокха жетті, сөйтіп дұшпанның қарсыса қарсылық жасауына қарамастан, бұл қаланы жаудан толық дерлік тазартты. Эхтернахтың солтүстік-батыс жағында (Люксембургта) 2 қыстақ дұшпанның тазартылды. Голленбургтің солтүстік-батыс жағында дұшпанның бірнеше қарсы атакасы тойтарылды. Эхтернахтың шығыс жағында одақтастар әскерлері Минденнен бір миль жерде тұр. Ремиктің оңтүстік-шығыс жағында Мюнчинген төңрегінде одақтастар әскерлері бір миль алға басты.

Офорбах төңрегінде одақтастардың әскер бөлімдері Этинген мен Этлингенге дейін алды. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Сааргемиондтың солтүстік жағында дұшпан германиян Ауэрмажар қаласынан қуып шығарылды. Мұнда одақтастар әскерлері Саар өзенінен өтті. Мұның нәтижесінде одақтастардың әскер бөлімдері Фрауэнберг пен (Фольперсвейлерді) алды.

ЛОНДОН, 20 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда Пистойя-Болоньяның батыс жағындағы таулы аймақта 5-армияға қараған Америка бөлімдері өз шептерін жақсартты. 5-және 8-армиялардың басқа ұтаскерлерінде күзет әскерлері белсене қыймыл жасады.

Ауыр бомбашылардың ірі құрамалары истребительдерді ертіп шығып, 7 күннен бері жаудың Вена ауданындағы қатынас жолдарына шабуыл жасауда. Ауыр бомбашылардың екінші бір құрамалары солтүстік Италиядағы порт құрлыстарына шабуыл жасады.

Америка авиациясының Токио мен Иокагамуга шабуылының нәтижесі

ЛОНДОН, 20 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 16 және 17 февральда Америка самолеттері Токио мен Иокагамуга бомбалық, әуе ұрыстарында жапонның 322 самолетін атып түсірген, сөйтіп жер бетінде жаудың 139 самолетін жойып жіберген. Мұнымен қатар, Америка самолеттері жапонның 57 кемесін суға батырып, зияндаған.

Токиоға шабуыл кезінде Америка авиациясы 49 самолетінен айырылды. Американың бірде-бір кемесі зияндалған жоқ.

Черчилль мен Рузвельттің Египетте болуы жайында

ЛОНДОН, 21 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Каирдағы арнаулы тілшісінің хабары бойынша, АҚШ президенті Рузвельттің Қырым конференциясынан келе жатқан бетінде Египетте болғандығы және Суэц каналы ауданында Америка крейсерінің үстінде Египет королі Фаруқпен, Эфиопия императоры Хайле Селассиенмен және Саудовскі Аравиясының королі Ибн-Саудпен мәслихат өткізгендігі жөнінде Каирда хабар жайылды.

Америкаға жүрер алдында, Рузвельт Александрияде Черчилльмен мәслихаттасты.

Жауанты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

Одақтық Ғылым Академиясы Қазақ Филлиалының хабарлары баспадан шықты. Тіл және әдебиет бөлімі, бірінші кітап. Жыйнақта мынадай мақалалар бар:

Мұхтар Әуезов—орыс классиктері мен Абай, Бейсенбай Кенжебаев—Сұлтанмахмұт, туралы, Ысқақ Дүйсенбаев—қазақ ақындары Отан туралы, Есмағамбет Смағайтұев—соғыс кезіндегі қазақ поэзиясының жайы мен міндеттері туралы. Әлпей Марғұлан—Қорқыт күйі, Сейіл Жиенбаев—сабақтастық сөйлемдердің топтастырылуы (кандидаттық диссертация), Нығмет Сауранбаев—құрама сөйлемдер және олардың даму жолдары (докторлық диссертациядан үзінді). Жұмат Досқарай—қазақ тіліндегі лексикология мен семасология т. б.

Кітап почтамен жіберіледі, бағасы 20 сом.

Адрес: Алматы, Киров көшесі, 89-үй, № 26 бөлме, тіл секторы.

Түпкілікті жұмысқа бухгалтер, үнемші, инспектор, ашы және үйренушілер КЕРЕК.

Адрес: Ленин көшесі, 28-үй. Жыйнақ